

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 15 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 наурызда № 2958 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Мойынқұм ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Жапарұлы Есеевке жүктелсін

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Нуркенов

Мойынқұм ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№15 қаулысына қосымша

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| | | | | | |
|------------------------------------|--|--|---------------|--|---------------------------------|
| Мектепке № дейінгі мекемелер | Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын | Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын | | | Бір айдағы ата-ананың ақы төлеу |
| | республикалық нысаналы трансферттер | жергілікті бюджет | республикалық | республикалық бюджеттен қаржыландырылатын балабақшаларға жергілікті бюджет | |

| | | есебінен (орын) | есебінен (орын) | нысаналытрансферттер есебінен (теңге) | жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаржы (теңге) | есебінен (теңге) | мөлшері (теңге) |
|---|--------------------------|------------------|-----------------|---------------------------------------|--|------------------|-----------------|
| 1 | Шағын орталықтар | 280 | - | 11698 | - | - | 4200 |
| 2 | Балабақшалар : | 760 | 500 | 27500 | 8074 | 31700 | 4200 |
| | 30 балаға дейін | 80 | 100 | 24949 | 3398 | 45066 | - |
| | 31-ден 50 балаға дейін | 270 | 95 | 24253 | 6240 | 33435 | - |
| | 51-ден 75 балаға дейін | 145 | 0 | 21051 | 4658 | 0 | - |
| | 76-дан 175 балаға дейін | 265 | 100 | 19382 | 18000 | 29915 | - |
| | 176-дан 250 балаға дейін | 0 | 205 | 0 | 0 | 25225 | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК